

**Кімге:** ҚР спорт министрлігіне  
**Автордың аты-жөні:** Жұмашқызы Ақерке  
**Күні:** 05.11.2024 ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Талдықорған қаласындағы орталық бассейндегі келушілер санын көбейту.

**Кілт сөздер:** спорттық сауаттылықты дамыту, бұхаралық спортты дамыту, салауатты өмір салты, қоғамдық оптимизм, жолдау.

**Кіріспе.** Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат байлығы. Олай болса, балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар, өнер үйреніп, спортпен шұғылданып, жан-жақты жетілуіне қолайлы жағдай жасау – мемлекеттің мойнындағы борышы. Сол себепті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Президент ретіндегі алғашқы Жолдауында бұқаралық спортты дамыту мәселесіне назар аударған болатын.

Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық спортты дамытуға арналған кешенді бағдарлама қабылдау керектігін айтқан болатын.

Президенттің осы тапсырмасын орындау мақсатында «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» әзірленіп, ол Үкіметтің қаулысымен бекітілгені мәлім. Осы жоспарға сәйкес, мемлекет-жекеменшік әріптестігі аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларына жан басына қаржыландыру жүйесі енгізілді.

Спорт кешенін ашып, мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында жұмыс істегісі келсе, арнайы ашылған [www.artsport.edu.kz](http://www.artsport.edu.kz) порталы арқылы өтініш береді. Жергілікті уәкілетті органдар қызмет көрсетушінің талапқа сәйкестігін тексеріп, порталға енгізеді. Өз кезегінде ата-аналар да баласын тегін өнер үйірмесі немесе спорт секциясына жаздырғысы келсе, аталған портал арқылы өтініш беруіне болады. Порталға тіркеліп, өз шағын ауданындағы спорт секциясын және ондағы спорт түрін өзі таңдап алады. Содан кейін баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі мен медициналық анықтаманы дайындап өткізсе болғаны, баласы спорт секциясына тегін барады.

Қазір адамдар спортпен айналысу баланың денсаулығына да, тәрбиесіне де пайдалы екенін жақсы түсінеді. Күнделікті спортзалға келетін жеткіншектер түрлі жаман әдеттерден аулақ болып, ерік-жігері мен табандылығын шыңдайды. Болашақта мұндай балалар қиындыққа төзімді, тек қана алға ұмтылатын азамат болып өседі. Сол себепті ата-аналардың да, балалардың да ықыласы күшті.

Қазір, әсіресе үлкен қалаларда ата-аналар таңертеңнен кешке дейін жұмыста болады да балалар сабақтан тыс уақытта қараусыз қалады. Олардың көбі компьютерлік ойындардан бас алмайды. Бұл – денсаулыққа өте зиян. Бос уақытын тиімді өткізбегендіктен, өкінішке орай, кейбір жасөспірімдер теріс жолға түсіп, қылмыс жасап та жатады.

**Негізгі бөлім.** Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, практика көрсеткендей, дене шынықтыру мен спорт саласында бірыңғай басқару моделі жоқ. Елдер өздерінің әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ұлттық саясатты қалыптастырады. Дегенмен, барлық елдерде дене шынықтыру мен спортты дамыту тетіктері жалпы халықтың дене шынықтыру және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, оның қозғалыс белсенділігін жетілдіруге және салауатты өмір салтын қалыптастыруға, дене тәрбиесі және даму жолымен әлеуметтік бейімделуге бағытталған.

Өз кезегінде, спорт және дене шынықтыру саласын дамытудың әлемдік тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұқаралық дене шынықтыру-спорт қозғалысын тиімді дамытудың нәтижесі спортшылардың Олимпиада ойындары мен халықаралық жарыстардағы жоғары жетістіктері болып табылады.

Мәселен, әлемнің спортшы елдерінің бестігіне кіретін Америкада білім беру ұйымдарына қатысушылар арасында бұқаралық спорт жақсы дамыған. Мектептердің, колледждердің және университеттердің спорттық командалары іріктеу жарыстары арқылы мектеп және студенттер лигаларына біріктіріледі. Мысалы, жеңімпаз мектеп командалары маусым нәтижелері бойынша кезең-кезеңімен өңірлік жарыстарға, округ, штат жарыстарына, одан кейін ұлттық жарыстарға қатысу деңгейіне ауысады. Тек баскетболдан жылына 500 мыңға жуық матч, жеңіл атлетикадан 250 мыңнан астам жарыс, жүзуден 70 мың жарыс өткізіледі. Мектепте құрылған бастамашыл спорт клубы немесе топ ата-аналар комитетінің басшылығымен жұмыс істейді.


Әлемнің дамыған елдерінде, спортты қаржыландыру тікелей мемлекеттік бюджеттен, коммерциялық қызметтен түсетін аударымдардан, демеушілік қаражатпен, жергілікті бюджеттер есебінен, халыққа білім беру желісі бойынша федералды бюджеттен жанама қаржыландыру арқылы әртүрлі көздерден жүзеге асырылады. Соңғы жылдары бірқатар спорттық ұйымдардың өзін-өзі қаржыландыруға көшуі жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, мамандар спорт, дене шынықтыру және медицина сияқты салаларда бұқаралық спортты дамыту мәселелері бойынша күш-жігерді шоғырландыру қажеттігін атап көрсетеді.

Қазақстандық республикалық федерациялар үшін сапалы жаттығулар өтетін және басқа да ілеспе қызметтер көрсетілетін спортшыларды даярлауға арналған өз базасының болуы жөніндегі Қытай тәжірибесін пайдалану орынды. Атап айтқанда, мамандар спорт, дене шынықтыру және медицина сияқты салаларда бұқаралық спортты дамыту мәселелері бойынша күш-жігерді шоғырландыру қажеттігін атап көрсетеді.

Еліміздегі соңғы ахуалға сүйене отырып, мамандар жүргізген статистикаға көз жүгіртер болсақ. Орталық Азияда, оның ішінде бұрынғы Кеңес Одағының бес елінде (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) созылмалы респираторлық аурулардың (СРА) ауыртпалығы өте жоғары болып қала береді, ал СРА-дан өлім-жітім Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірдегі ең жоғары көрсеткіштерінің бірі болып табылады [5].

Қазақстанда демікпемен сырқаттанушылық тұрақты өсу үрдісіне ие. Егер 2017 жылы 100 мың қазақстандыққа орташа есеппен 93,4 астма ауруы, 2018 жылы – 97,2, 2019 жылы – 102,8, ал 2020 жылы бұл көрсеткіш 126,1 құрады[6].



1-сурет. Өмірінде алғаш рет тіркелген бронх демікпесі ауруларының саны Қазақстан Республикасының барлық халқының 100 000 адамына шаққанда

Еліміздегі бронх демікпесі бар науқастардың ең үлкен үлес салмағы 0-14 жас аралығындағы балаларға тиесілі [7]. Бұл мәселенің алдын алу тек қана дәрігерлердің ғана емес, баршамыздың маңызды міндетіміз болып табылады. Негізгі емнен бөлек мамандарымыз салауатты өмір салтын ұстануды кеңес етеді, соның ішінде жүзу спорт түрін қарастыратын болсақ.

Бассейндегі оңтайлы ылғалдылық жүзуді астматиктер үшін ыңғайлы етіп қана қоймайды, сонымен қатар болашақта шабуылдармен күресуге көмектеседі. Зерттеушілердің зерттеуі демікпемен ауыратын балалардың 6 аптаға созылатын жаттығу курсынан кейін көмекке жүгіну ықтималдығы аз екенін дәлелдеді. Олардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы — бір жыл немесе одан да көп уақыт бойы мазаламады.

Осы орайда қаламыздағы ең үлкен спорт кешенін «Талдықорған орталық бассейнін» негізгі нысан ретінде қарастырсақ.

Талдықорған орталық бассейні 2021 жылы 6 шілде күні өз жұмысын бастады. Бассейн жыл бойы түрлі деңгейдегі спорттық жарыстар өткізуге, сол сияқты азаматтарды саламатты өмір салтына бейімдеуге, балаларды жүзуге үйретуге арналған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да барлық жағдай жасалған.

## 2-сурет.Талдықорған орталық бассейнінің сыртқы көрінісі



Жалпы осы заманауи жүзу бассейні 3,8 га жерді алып жатыр. Бұл ғимараттың жалпы ауданы 13 мың шаршы метрден асады. 570 орынға арналған жүзу бассейнінің құрылысына 11,4 млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалған. Ғимараттың сыртқы кейпі теңізде жүзіп жүрген алып балықты елестетеді. Мұнда 3 бассейн бар, соның ішінде ең үлкенінің ұзындығы – 52 метр, ені 25 метр. Бұл ғимаратта ниет білдіргендер су добы, суға секіру, аквааэробика сияқты жүзудың барлық түрінен жаттыға алады.

## 3-сурет.Талдықорған қаласының орталық бассейнінің, ішкі көрінісі






**4-сурет.Тренажерный зал**



**5-сурет.Алғашқы көмек көрсету бұрышы**



**6-сурет.Йога залы**



## 1-кесте.Талдықорған орталық бассейнінің баға парақшасы

| Абонемент түрлері       | 1 ай бағасы (4 рет) | 1 ай бағасы (8 рет) | 1 ай бағасы (12 рет) | 3 ай бағасы (36 рет) | 6 ай бағасы (72 рет) | 1 жыл бағасы (144 рет) |
|-------------------------|---------------------|---------------------|----------------------|----------------------|----------------------|------------------------|
| "Ересек" абонементі     | 10 000              | 14 000              | 20 000               | 50 000               | 80 000               | 140 000                |
| "Балалар" абонементі    | 5 000               | 7 000               | 10 000               | 25 000               | 40 000               | 70 000                 |
| "Студенттік" абонементі | 6 000               | 9 000               | 12 000               | 30 000               | 50 000               | 90 000                 |
| "Жеңілдік" абонементі   | -30%                |                     |                      |                      |                      |                        |

Сұрақтарың болса ...

Абонемент қанша тұрады,  
және бір реттік кіру қанша  
тұрады

### Ескерту:

\* 1,2 топтағы мүгедектерге (мүгедектігін куәландыратын құжаттары және арнайы дәрігердің рұқсаты болған жағдайда ғана шомылу тегін);

\* 1,2,3 топтағы мүгедек балаларға (мүгедектігін куәландыратын құжаттары және арнайы дәрігердің рұқсаты болған жағдайда ғана шомылу тегін);

\* Көп балалы отбасылар (куәландыратын құжаттары болған жағдайда);

\* Спорт саласының ардагерлеріне (куәландыратын құжаттары болған жағдайда);

\* Ересек 3 топтағы мүгедектерге 50% жеңілдік (куәландыратын құжаттар болған жағдайда);

\* Зейнеткерлерге 50% жеңілдік (куәландыратын құжаттар болуы тиіс);

**Абонемент түрлерінің мерзімі сатып алынған күннен бастап, 30 (отыз), 90 (тоқсан), 180 (жүз сексен), 365 (үш жүз алпыс бес) күнге ғана жарамды (бір айға – 4, 8 және 12 рет, үш айға – 36 рет), алты айға – 72 рет, бір жыл – 144 рет ;**

**Жоғарыда көрсетілген абонементтер жаттықтырушының көмегісіз шомылуға арналған.**

Талдықорғандағы орталық бассейнге келушілердің көбеюі бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін:

1. Инфрақұрылымды жаңарту егер бассейн жақында жаңартылған немесе жақсартылған болса (мысалы, жаңа демалыс, фитнес немесе отбасылық іс-шаралар аймақтары қосылған болса), бұл көбірек адамдарды тартуы мүмкін.

2. Салауатты өмір салтына деген қызығушылықтың артуы: соңғы жылдары халықтың спорт пен фитнеске, әсіресе физикалық белсенділіктің ең пайдалы және қол жетімді түрлерінің бірі ретінде жүзуге деген қызығушылығының арту үрдісі байқалды.

3. Жарнамалық науқандар мен арнайы ұсыныстар: акциялар, жеңілдіктер, отбасылық билеттер немесе тегін сынақ сабақтары бассейнге баруды ынталандыруы мүмкін.

4. Жарыстар мен іс-шараларды өткізу: егер бассейнде жүзу, су полосы немесе басқа спорттық іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрса, бұл келушілерді көбірек тарта алады.

5. Қызметтерді кеңейту: су аэробикасы, балалардың жүзу сабақтары немесе релаксация аймақтары (сауналар, ыстық ванналар) сияқты қосымша бөлімдерді енгізу бассейнге деген қызығушылықтың артуына ықпал етуі мүмкін. Егер бұл үрдіс жалғаса берсе, өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін қызмет көрсету мен қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын сақтау маңызды.

Мемлекет басшысы еліміздің спорттық әлеуетін дәйекті түрде арттыруға ерекше назар аударып отыр.

Үкіметке мемлекеттік спортқа тиімділігін түбегейлі арттыру міндеті қойылды. Бюджет қаржысын тиімді пайдалану, шығындарды шектеу және қатаң бақылау болуы керек. Ең басты бағдар – «көрпеге қарай көсілу». Ұлттық қор қаржысын тек стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғана пайдалану керек.

**Қорытынды.** Талдықорған қаласындағы Орталық бассейн 2021 жылы салынды, келушілер саны 2021-2023 жылдар аралығында 1000-1500 келушілерді құраған. Жалпы Талдықорған қаласының тұрғындар саны 168 000 адам санынан келушілер саны 0.09% пайызды құрайды. Бұл көрсеткішке қарасақ алдағы уақытта келушілер санын көбейту керектігін көрсетеді. Алдағы уақытта осы орталықтан олимпиада иегерлерін тәрбиеленіп шығатыны анық. Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық спортты дамытуға арналған кешенді бағдарлама қабылдау керектігін айтқан болатын.

**Ұсынымдар.** Жоғарыда аталып өткен мәселеге орай, секцияларға келушілер санын арттыру үшін, денсаулық сақтау мекемелеріне және оқу орындарына арнап секциялар мен мамандырылған сауықтыру курстарын, грант бағдарламасы арқылы ашу қажет. Беймделе бастаған жас өспірім секцияларды кейіннен ақылы түрде де өте алатын болады.

**Пайдаланған дереккөздер тізімі:**

1. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000251>
2. <https://www.instagram.com/p/DB8jq9pCFIM/>
3. <https://kaz.nur.kz/society/1921079-astana-kuninde-taldyqorganda-olimpadalyq-bassein-asyldy/>
4. <https://bmcpulmed.biomedcentral.com/articles/10.1186/s12890-022-02287-2>

5. <https://publications.ersnet.org/content/erj/42/3/559>
6. [https://rus.azattyq-ruhy.kz/society/50844-astma-naibolee-  
uiazvimymi-ostaiutsia-kazakhstantsy-do-14-let](https://rus.azattyq-ruhy.kz/society/50844-astma-naibolee-<br/>uiazvimymi-ostaiutsia-kazakhstantsy-do-14-let)
7. [https://sociosfera.com/files/conference/2021/K-04.20.21/7-  
10 Б. Е. Канапиянов.pdf](https://sociosfera.com/files/conference/2021/K-04.20.21/7-<br/>10 Б. Е. Канапиянов.pdf)